

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім беретін
мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны

Коммунальное государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

2024 жылғы 09 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 211
город Шымкент

**«Даналық мектебі» клубын
құру туралы**

Білім беру ұйымдарында «ата-аналарды педагогикалық қолдау» қызметін ұйымдастыру аясында «Даналық мектебі» клубын құруды **БҰЙЫРАМЫН.**

- 1.«Даналық мектебі» клубы аясында «Аталар,Әжелер,Ағалар,Жеңгелер» мектептері құрылсын.
2. «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыру «Аталар,Әжелер, Ағалар,Жеңгелер»мектептерін құру директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.
- 3.Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Л.Н.Мырзакасымова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім беретін
мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны

Коммунальное государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

2024 жылғы 09 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 215
город Шымкент

Ағалар мектебін құру туралы

Ағалар мектебін құруды БҰЙЫРАМЫН

1. Ағалар мектебінің төрағасы 2024-2025 оқу жылы бойынша қоғамдық жұмыс негізінде тарих пәнінің мұғалімі Джунисов Мухиддин бекітілсін.
2. Ұлдар кеңесінің орынбасары болып қоғамдық жұмыс негізінде Сапар, Тоқсанбай Нұрхат және хатшы болып Каримсаков Асанали бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Ибрагимовке тапсырылсын.

Мектеп директоры



Л.Н.Мырзакасымова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім беретін
мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны

Коммунальное государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

2024 жылғы 09 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 213
город Шымкент

Аталар мектебін құру туралы

Аталар мектебін құруды БҰЙЫРАМЫН

- 1.Аталар мектебінің төрағасы 2024-2025 оқу жылы бойынша Берденов Ахмет бекітілсін.
- 2.Әкелер мектебінің орынбасары және хатшы Асан Каримсаков болып бекітілсін.
- 3.Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары М.Умбетова мен П.Садыбековаға тапсырылсын.

Мектеп директоры



Л.Н.Мырзакасымова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім беретін
мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны

Коммунальное государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

2024 жылғы 09 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 214
город Шымкент

Әжелер мектебін құру туралы

Әжелер мектебін құруды **БҰЙЫРАМЫН.**

1. Әжелер мектебі кеңесінің төрайымы 2024-2025 оқу жылы бойынша Ахметова Ұлбике бекітілсін.
2. Әжелер мектебінің орынбасары болып Мамырова Перуза және хатшы болып Теңізбаева Дана бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары М.Умбетова мен П.Садыбековаға тапсырылсын.

Мектеп директоры



Л.Н.Мырзакасымова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім беретін
мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны

Коммунальное государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

2024 жылғы 09 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 216/1
город Шымкент

Жеңгелер мектебін құру туралы

Жеңгелер мектебін құруды **БҰЙЫРАМЫН.**

1. Жеңгелер мектебі кеңесінің төрайымы 2024-2025 оқу жылы бойынша Агжигитова Сәуле бекітілсін.
2. Жеңгелер мектебінің орынбасары болып Ақмырзаева Назгүл және хатшы болып Исакова Гаухар бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары М.Умбетова мен П.Садыбековаға тапсырылсын.

Мектеп директоры




Л.Н.Мырзакасымова



«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА «ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» ЖОСПАРЫ

ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ	Клубтың кездесулері	Тақырыбы	Өту форматы	Жауаптылар
	Ата өсиеті	1.Туыстық қарым-қатынас-баға жетпес байлық.	Дөңгелек үстел байқау семинар кездесу пікірталастар дастархан басындағы әңгіме	ДТЖЖО
		2.Ата кәсіп-берекенің бастауы.		М.С.Умбетова
	Әже даналығы	3.Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі.		П.И.Садыбекова
		4.Өнегелі өмір.		Аталар мектебі жетекшісі
	Аға қамқорлығы	5.Жирен жаман әдеттен.		Қ.Көлбай
		6.Аға болсаң ақыл айт.		Әжелер мектебі жетекшісі
	Жеңге кеңесі	7.Жеңге мінезімен көркем.		Ұ.Ахметова
		8.Отбасы құндылығы (жеңгелерге жеті кеңес)		Ағалар мектебі жетекшісі
				М.Джунисов
				Жеңгелер мектебі жетекшісі
				С. Агжигитова

ДТЖЖО  М.С.Умбетова
 П.И.Садыбекова




Бекітемін.
Мектеп директоры:
Л.Н.Мырзакасымова

**2024-2025 оқу жылы бойынша Әкелер мектебі бойынша
жылдық жұмыс жоспары**

Мақсаты: қоғам мен отбасының өзара ықпалдастығының жаңа нысандарын дамыту, мектепке дейінгі ұйымның әлеуметтік мәртебесі мен рөлін арттыру

№	Өткізілетін іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауапты
1	Әкелер клубының жұмыс жоспарын бекіту	қыркүйек	Б.Ибрагимов
2	«Отбасылық құндылықтар» тақырыбындағы семинар: Әкелермен тәжірибе алмасу, бала тәрбиесі туралы пікірталас.	Қараша	А.Берденов А.Каримсаков
3	«Әкелер мен балалар арасындағы спорттық жарыс»	Желтоқсан	М.Танирбергенов Н.Тоқсанбай
4	«Әкелер өнегесі» шығармашылық кеші • Әкелердің өмірлік тәжірибесімен бөлісу. • Әкелермен бірге оқушылардың қолөнер немесе өнер жобаларын дайындау	Наурыз	М.Джунисов Ғ.Садуақас
5	«Бала тәрбиесіндегі менің рөлім» дөңгелек үстел	Сәуір	С.Пияшов Т.Божбанбаев
6	Белсенді әкелерді марапаттау және ұсыныстар қабылдау.	Мамыр	Б.Ибрагимов

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  М.Умбетова
 П.Садыбекова



«Бекітемін»

Мектеп директоры

Л.Н.Мырзакасымова

**«Даналық мектебі» клубы бойынша
«Аға болсаң, ақыл айт» тақырыбындағы тағылымдық әңгіме
сабағының сценарийі**

Мақсаты: Ағалардың алардың іні-қарындастары алдындаты міндетін сезіндіру.

Міндеттері:

1. Мақал-мәтелдер арқылы ағалық жолын түсіндіру.
2. Ағалық жауапкершіліктің сырын ашу.
3. Іні-қарындастарына қамқор болуды дағдыға айналдыруға кеңес беру.

Ұлттық құндылықтар:

1. Бауырлар арасындағы сыйластықты дәріптеу.
2. Ағаларды құрметтеуге үйрету.
3. Үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуге баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Мақал-мәтелдегі ойды ескеріп жүреді.
2. Ағалық жауапкершіліктің салмағын сезініп жүреді.
3. Іні-қарындастарына қамқорлық жасауды дағдыға айналдыры.

I. Ұйымдастыру кезеңі: (10 мин)

Модератор:

Құрметті ағалар, бүгінгі талқылауға келген қонақтар! Атамыз қазақ сонау заманнан «АҒА» деген сөзге үлкен мән берген. Аға ақылын айтса, іні ілтипатын білдіріп отырған. Отбасында аға, іні деген туыстық қарым-қатынасқа үлкен жауапкершілікпен қараған. «Атасы бөлек – аттан түс, атасы бір-атқа мін» - деген сөз тектен тек шықпаса керек. Бұл жердегі мақсат бала не әйелді төмен санау емес, аға мен іні арасындағы жақындықты ұғындырғысы желген. Міне, осындай туыстық мәселеде салмағы басым түсетін, кикілжің болған тұста күрмеуі жібі әлсіз болатын ағалық міндет мәселесін талқыға салатын алқалы жиынға қош келдіңіздер!

Бүгінгі жиында аға мен іні арасындағы тәрбиелік байланысты нығайту мақсатында ой қозғайтын боламыз. Қазақта «Ағаның өткені – інінің өткелі» деген керемет нақыл сөз бар. Қазақ халқы жалпы мақал-мәтелдерді шығарған кезде, өмірден көргеніне түйін жасап, өз көзқарасын білдіре отырып, ескерту ретінде әр істің шешімін қалдырып отырған.

Аға бола білудің өзі-үлкен жауапкершілік. «Аға болсаң ақыл айт, ақыл айтсаң мақұл айт» деген даналық сөзден ақыл айтсаң дұрыс кеңес бере алатындай, аға ретінде үлкендік жасай алатындай дәрежең болу керекін түсіндіріп отырған.

Алдымен сабағымыз талқылау, ой бөлісу болғандықтан топтарға бірігіп алайық.

Алдарыңызда түстері бірдей ақ қағаздар жатыр. Келесі бетінде мақал жазылған. Мақалды оқып, сол мақалға қатсты топқа барып отырасыздар.

Мұндағы мақсат, сіздерді аға жайлы мақалдармен таныстырып, ағалық жолын түсіндіру.

I ТОП АҒА сөзі

Топқа берілген мақал

Әуелгі сөз-ағадан

Әдепті сөз-ініден

II топ Аға ақылы сөзі

Топқа берілген мақал

Ағадан-ақыл

Ініден-ізет

III топ Аға жолы сөзі

Топқа берілген мақал

Ағаның-өткені

Інінің-өткелі

II. Негізгі бөлім: (45 мин)

Ой қозғау: ағалық қамқорлықты қалай көрсетуге болады. (5 мин)

Модератор:

Бүгінгі тақырыбымызда көтерілетін мәселе – сіздерге аға ретінде қойлатын өмір талабы. Ағаның іні-қарындасы алдындағы міндеті, мейірі қамқорлықтарыңызға ой салу мақсатында мы на бейне баянды қарап шығуды ұсынамын.

Бейнебаян 10 мин

<https://youtu.be/GNSTqlLnhdQ?si=FAiHYVmSI djfm43z>

Сұқбат берушінің бойынан қандай қасиеттер көрдіңіз? (қатысушылар жауап беруге қиналса, төмендегі жауаптар арқылы жетелеуге болады).

1. Әке аманаты.
2. Ағалық жауапкершілік.
3. Ағалық мейірім.
4. Ағалық қамқорлық.

Ой қорыту сұрақтары: (жүргізуші 3 сұрақты үш топқа ауызша береді)

1. Кейіпкер кешегі ел ағалары секілді ағалық үрдісте үлгі қалыптастыра алған ба?
2. Ағалық міндетін адал атқарды деуге болады ма?
3. Өзіңізге қандай өнеге алдыңыз?

Модератор: «Ағалық көзқарас – ақылды шешім» бөлім (10 мин)

Ал, олай болатын болса, қонақ болып келген, құрметті ағалар, «Ағалық көзқарас-ақылды шешім» бөлімі бойынша төмендегі жағдаятты өзіміз қалай шешер едік, осы төңіректе ой бөліссек. (үш топқа үш түрлі жағдаяттық тапсырмалар беріледі.)

1-жағдаяттық тапсырма

Ағасы шимай (Черновик) дәптерінен өте бейәдеп сөздерінің жазылғанын көреді. Сөйтедіде інісіне ештеңе деместен, дәптердің ішіне бұл сөздерді айтуға, қолдану өте ұят екенін ескертіп: «Біріншіден өзінді, екіншіден отбасымыздағы тәрбиені құрметтейтін болсаң мұндай сөздерді жазбас едің. Ендігі жерде өз қатенді түсініп, қайталамайтыныңа сенгім келеді» дәптерді жауып, қайта сөмкесіне салып қояды.

Сұрақ: Ағаның қандай қасиеттері басым? Сипаттап берсеңіз...

2. Жағдайаттық тапсырма

Інісі бұзықтық жасап, қатарласымен ұрысып қалады. Жағдайды білуге келеді, ағасы көпшіліктің алдында індемейді. Інісімен жеке қалғанда: жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас, інім, ортаңнан бөлінбе, жақыныңнан жау іздеме, ертең достарыңмен татулас. Егер осыны істесең, өмірің тыныш, ортаңа сыилы боласың-дейді.

Сұрақ: Ағасы неге мұндай шешім қабылдады? Сіз қандай әрекет жасар едіңіз?

3. Жағдайаттық тапсырма

Мектепте інісі қыз балаға «Сенің жақсы оқығаның кімге керек, бойың кішкентай сен әдемі емессің»-деп тіл тигізеді. Қыз қарсы жауап айтып, араларында дау туындайды. Інісін сыртынан қарайлап жүрген ағасы оны байқап қалады. Ағасы інісімен жеке қалғанда «Бауырым сен ел қорғайтын, аналарыңызбен қыздарыңызға қамқорлық жасайтын азаматысың. Мен әлі кішкентаймын деп, әзір маған бола береді деп ойланбастан сөлей берме. Сөзің әдетке айналады, әдетің мінезіңе айналады. Бұл қайталанбасын, сенің мінезің қалай қалыптасса, сол мінезбен бірге өмір сүретініңді ұмытпа! Бұл ұят әдет қайталанбасын-дейді

Сұрақ: Аға шешімінің артықшылығы неде? Даналық деуге болады ма?

Модератор: Аға мен інісі арасындағы тәрбиелік байланысты сәйкестендіру.

Сіздер берілген жағдайаттық сұрақтарға өте керемет жауап бердіңіздер.

Ендігі тапсырма осы берілген сұрақтардағы әрекеттер аға мен іні арасындағы тәрбиелік байланыстың қай түріне жатады? Алдарыңызға берілген (сәйкестендіру картасын) толтырыңыздар.

Ағасы інісінің шимай (Черновик) дәптерінен өте бейәдеп сөздердің жазылғанын көреді. Сөйтеді де інісіне ештеңе деместен, дәптердің ішіне бұл сөздерді айту, қолдану өте	
--	--

ұят екенін ескертіп.Біріншіден өзінді,екіншіден отбасымыздағы тәрбиені құрметтейтін болсаң мұндай сөздерді жазбас едің. Ендігі жерде мен сенің өз қатенді түсініп, қайталамайтын сенгім келеді,-деп дәптерді жауып қайта сөмкесіне салып қояды.	Қорған
Інісі бұзықтық жасап, қатарласымен ұрысып қалады. Жағдайды білуге келген ағасы көпшіліктің алдында үндемейді. Інісімен жеке қалғанда: жалғыздың үні шықпас, інім ортаңнан бөлінбе, жақыныңнан татулас. Егер осыны істесең өмірің тыныш, өзің сыйлы боласың,-дейді.	Қамқорлық
Мектепте інісі қыз балаға: «Сенің жақсы оқығаның кімге керек,бойың кішкентай сен әдемі емессің,»-деп тіл тигізед. Қыз қарсы жауап айтып, араларында дау туындайды. Інісін сыртынан қарайлап жүрген ағасы мұны байқап қалады. Ағасы інісімен жеке қалғанда: «Бауырым, сен ел қорғайтын, аналарымыз бен қыздарымызға қамқорлық жасайтын азаматсың. Мен әлі кішкентаймын деп, әзір маған бола береді деп ойланбастан сөлей берме. Сөзің әдетке айналады, әдетің мінезіңе айналады. Бұл қайталанбасын, сенің мінезің қалай қалыптасса, сол мінезбен бірге өмір сүретініңді ұмытпа! Бұл ұят әдет қайталанбасын-дейді.	Мейірімділік

Модератор:

Адамның ағасы болса қандай керемет?! Аға деген-мақтаныш, аға деген-қорған, аға деген-үлгі, сондықтан да ағаларға арналған әндерде:

Өзіңе сүйенемін қандай жақсы
Сөзіңе сүйенемін балдай тәтті
Ерлердің ағасы,бар жағасы бар
Алдында ағаң болған

Алдында ағаң болған қандай жақсы,-деп бекер айтылмаған болуы керек. Ендігі кезекте сілтемедегі Бақтияр Тайлақбаев ағамыздың ағаларға арналған әніне кезек берелік.

(Ән сілтеме бойынша айтылып тұрады. Әр топқа А-4 ге өлеңнің бір шумағы иен қайырмасы беріледі. Топ өзіне берілген шумақты айтады, қайырмасын үш топ та қосылып айтады. Ұйымдастырушының еркіне қарай әннің қайырма нұсқасын да қолдануға болады **5 минут**)

<https://www.youtube.com/watch?v=yuGPhQxTpV0>

Ағаларым!

I топ

Құшағы оттай ыстық Сахарадай
Көңілің алып ұшқан шағаладай
Алдымнан көкем-ай деп шыға тұғын
Сендерді сағындымғой
Сендерді сағындымғой, ағаларым
Қ/Ы
Қажымас қара нарын
Кең байтақ даналарым
Күнім деп еркелетер
Аман бол ағаларым
Аман бол ағаларым

II топ

Өзіңе сүйенемін қандай жақсы
Сөзіңе сүйсінемін балдай тәтті
Ерлердің ағасы, бар жағасы бар
Алдыңда ағаң болған
Алдыңда ағаң болған қандай жақсы
Қ/Ы
Қажымас қара нарын
Кең байтақ даналарым
Күнім деп еркелетер
Аман бол ағаларым
Аман бол ағаларым

III топ

Өзіңе сүйенемін қандай жақсы
Сөзіңе сүйсінемін балдай тәтті
Ерлердің ағасы, бар жағасы бар
Алдыңда ағаң болған
Алдыңда ағаң болған қандай жақсы
Қ/Ы
Қажымас қара нарын
Кең байтақ даналарым
Күнім деп еркелетер
Аман бол ағаларым
Аман бол ағаларым

жауап беріңіздер, ой бөлісіңіздер. Сұрақтарға жауап бере отырып кейбіріміздің көңілімізде өзімізге сезілмей жатқан ағалық сезімдеріміз оянған болар, мүмкін кейбірімізге бұрын болған оқиғалар еске түсіп «Өттең-ай, шешімі осылай бітуі керек еді ғой» деген ой келіп жатқан болар. Аға болған іні-қарындастарымызға қолымыздан келгенше көмектесіп, олардың өмірден өз орындарын табуына себеп болып, ақылымызды айтып жүруіміз керек. Ақыл айту, жол көрсету оңай шаруа емес. Қазір «Ініме, қарындасыма не үйретуім керек, қалай үйретуім керек?» деген тақырыпта ойланы, жадынама жазайық. (10 мин)

I топ: Қазақ «Дені саудың жаны сау» дейді. Денсаулық сақтау үшін іні-қарындасқа қандай кеңес берер едіңіз?

Тапсырма: Төмендегі материалды оқып, жадынама жазыңыз.

Салауатты өмір салты

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты – қимыл белсенділігі. Ол өмірлік маңызды мүшелердің және мүшелер жүйесінің қызметін жақсартады, сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру адамның өсуі мен дамуына белсенді ықпал етеді, организмнің жұмыс қабілеттілігін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға төзімділігін арттырады.

Әр түрлі аурулардың алдын алу үшін организм үнемі шынығуды қажет етеді. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортаның температурасының күрт өзгеруіне үйренеді. Шынығу емшараларын таңдау кезінде адамның жасы, денсаулық жағдайын бекітілген дәрежесі және т.б. жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Денсаулықты сақтауда уақытында және дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Жүріп бара жатып, кітап оқып отырып, теледидар алдында тамақтануға болмайды. Майлы, тұзды, тәтті тағамдарды шамадан тыс көп жеу, тамақты өте ащы, өте ыстық күйде тамақтану болмауы керек. Тағам әр тамақтан соң экологиялық таза болуы тиіс. Төрт мезгіл тамақтану сақталуы керек, белгілі бір сағатта ас қабылдаған дұрыс.

Сыну, иық, аяқ, қол бұлшық етін сындырып әр түрлі жарақат болдырмау. Адам жарақаттарға көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтамағанда, әртүрлі құралдарды дұрыс пайдаланбағанда, улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтарды пайдаланғанда және т.б. жағдайларда душар болады.

Жеке гигиена ережелерін бұлжытпай орындау, жұқпалардан қорғану тәсілдерін білу, алдын алу екпелерін уақытында қабылдау.

Темекі шегуден, ішімдіктен, есірткі және уытты заттардан бас тарту. Бұл зиянды әдеттер организмге әсер етіп, денсаулыққа зиян келтіреді.

Адам организмге қоршаған орта факторларының әсері туралы білім, қоршаған орта факторларының зиянды әсерінен қорғай білу денсаулықты

II топ: Бүгінгі таңда қаржыны сауатты пайдалану мәселесі өте өткір болып отыр. Осы тұрғыда іні-қарындасыңа қандай кеңес берер едің?

Тапсырма: Төмендегі материалды оқып, жадынама жазыңыз.

Қаржылық сауаттылық

Қаржылық сауаттылық дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда қаржылық тәртіп, яғни өз бюджетінді басқара білу дегенді білдіреді. Қаржылық сауаттылықтың бастауы өз-өзіне есеп беруден басталады. Қарызға батпас үшін, барынша үнемдеп, қаржылық сауаттылығыңды арттыру керек.

Қаржылық сауаттылықты арттыру стратегияларына келетін болсақ, Абай атамyzдың мынадай тамаша сөзі бар: «Егерде сіз кісілердің жасынан озайын десеңіз, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген екен. Әр бесінші күні жеке адам кірісі мен шығысын санап, өзіне есеп беру керек. Екінші стратегия – бағаларға үнемі салыстырып қарап жүру қажет. Қай жерде не арзан, қай жерде қымбат деген секілді, адам қанша жерден көп ақша тапса да, бағамен есептесуі дұрыс. Бірден бір жерден, бір затты ала салмаған жөн.

Үшінші кезекте қаржылық қор – адам тапқан табысының жоғарғы бөлігін жинап отыру керек. Жиі еститініміз, ақшаның қайда кетіп қалғанын білмей де жатамыз, оның барлығы сол қаржылық сауаттылыққа келіп тіреледі.

Әлі оң мен солын ажыратып үлгермеген балаға ақшаны қалай пайдалану керектігін үйреткен дұрыс. Ұл, қызыңыз оны үнемді пайдаланып, орынды жұмсауы үшін, қаржылық сауаттылықты кішкентайынан бастап, қалыптастырған жөн. Бүлдіршініңізге қаражаты есепсіз берсеңіз, бұл оның ақшаға деген көзқарасының өсуіне әкелуі мүмкін. Балаға ақшаның оңай келмейтінін түсіндіріп, қайтсе ақшаны табатынын, қалай жұмсайтыныңызды есептеп көрсету керек. Ол кез-келген кірістің өз орнымен жұмсалуды қалай есептеу керектігін білсін. Балаға ақшаны саналы түрде беру керек. Оған түссі астына, жолына деп есепсіз қаржы беру зиянды. Мұндай жағдайда бала ақшаны өзі есептеп үйрене алмайды. Ай сайын, немесе айына бір мәрте табысыңыздың аз үнемді пайдаланатын боласыз. Сол кезде бір айға беретін ақшаны, үнемді тиімді жұмсайтын болады. Осындай әдіспен ұл, қызыңызға қаржыны үнемдеуді үйрете аласыз.

III топ: Қазір көшеде біреумен танысқанды қойып, әлеуметтік желіде танысып, қиын күйге түсіп отырған жағдайлар көп. Осыған орай іні-қарындасқа қауіпсіздік шараларын қалай үйретесіз?

Тапсырма: Төмендегі материалды оқып, жадынама жазыңыз.

Қауіпсіздік шаралары

қолдарыңызда тұр екен. Біздің мақсат ағалар мен іні-қарындас арасындағы өнегеге толы қарым-қатынасты қалыптастыру. «Тәрбие тал бесіктен» демекші, жолы сілтеуі жақсы азамат бол қалыптасуына үлкендердің ықпалы, демеу, дер кезінде демеу де, ықпал да міндетті түрде қажет. Сондықтан, ағалар, дер кезінде демеу де, ықпал да жасай алатын мүмкіндігіміз болсын. Ініні елдікке қосу, қарындасты қоритын жақсыға қосу өз қолымызда.

Рефлексия: Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңіз жайлы бір-екі ауыз сөзбен баяндап «Аға жолы» деп аталатын қойын дәптер парақшаларына сөз қалдырыңыз.

«Аға жолы» қойын дәптер парақшасы

Осы сабақтан түйгенім...

Менің бүгінгі ойға қосарым...

Менің бұл сабақтан алғаным...

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі»

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Тақырыбы:

«Бала тәрбиесіндегі менің рөлім»

Өткізген: С.Пиляшов

2024-2025 оқу жыл

Анықтама

«Бала тәрбиесіндегі менің рөлім» тақырыбында №136 жалпы орта білім беретін мектебі

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Әкелермен өткізіліген дөңгелек үстелдің анықтамасы

Іс-шара атауы: «Бала тәрбиесіндегі менің рөлім» тақырыбындағы дөңгелек үстел

Өткізу орны: №136 жалпы орта білім беретін мектебі

Өткізу күні:

Ұйымдастырушы: «Әкелер мектебі» **Жетекшісі:** С.Пияшов

Іс-шараның мақсаты:

Балалардың тәрбиесінде әкенің рөлін нығайту, олардың тұлғалық қалыптасуына тигізетін әсерін талқылау және ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту.

Іс-шара барысы:

Дөңгелек үстел барысында мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері және әкелер қауымы қатысып, бала тәрбиесіндегі әкенің маңыздылығы жөнінде ой бөлісті. Іс-шараны «Әкелер мектебінің» жетекшісі Б.Ибрагимов ашып, әке мен бала арасындағы байланыстың маңыздылығына тоқталды. Ол әкенің отбасындағы жауапкершілігі мен баланың тұлғалық дамуына ықпалы туралы баяндама жасады.

Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары туралы пікір алмасты. Әкелер өз тәжірибелері мен бала тәрбиесіндегі белсенділіктерін арттыру жолдарын талқылап, ұсыныстар жасады. Сонымен қатар, түрлі тренингтер мен пікірталастар ұйымдастырылып, сұрақ-жауап бөлімінде қатысушылар көкейлеріндегі сауалдарын қойды.

Қорытынды:

Дөңгелек үстел барысында әкелер бала тәрбиесіндегі өздерінің рөлін қайта қарап, жаңа ойлар мен әдістерді меңгерді. Іс-шара соңында қатысушылар өзара байланыстарын нығайтып, болашақта осындай кездесулердің жиі өткізілуі қажеттігі жөнінде пікір білдірді.

Өткізген: С.Пияшов

Тақырыбы: Бала тәрбиесіндегі менің рөлім

Мақсаты:

Ата-аналар мен ұстаздардың бала тәрбиесіндегі рөлін талқылау, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі маңызды қағидаларды айқындау.

Сценарий барысы:

І. Кіріспе бөлім (5-7 минут)

Модератор (жүргізуші) сөз сөйлейді:

- Қатысушылармен амандасу.
- Дөңгелек үстелдің мақсаты мен маңыздылығын түсіндіру.
- "Бала тәрбиесі – баршаға ортақ міндет" деген қанатты сөзді мысалға ала отырып, қатысушылардың пікірін білу.
- Қатысушыларды таныстыру.

ІІ. Негізгі бөлім (40-50 минут)

1. "Менің бала тәрбиесіндегі орным" (пікір алмасу) (10-15 минут)

- Қатысушыларға сұрақтар қойылады:
 - Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ең маңызды міндеті қандай?
 - Мектеп пен ата-ана арасында қандай байланыс болуы керек?
 - Баланы қандай құндылықтарға баулу керек?
- Қатысушылар өз ойларын ортаға салады.

2. "Тәрбие құралы – үлгі болу" (топтық жұмыс) (15 минут)

- Қатысушылар екі-үш топқа бөлінеді.
- Әр топқа тақырып беріледі:
 - Үлгілі ата-ана қандай болуы керек?
 - Ұстаз бен ата-ананың ынтымақтастығы қалай жүзеге асады?
 - Баланың тәртібіне қандай факторлар әсер етеді?
- Топтар өз ойларын ортаға салып, қорытынды жасайды.

3. "Баланы қалай тәрбиелеу керек?" (бейнеролик талдау) (10 минут)

- Бала тәрбиесіне қатысты шағын бейнеролик көрсетіледі.

- Қатысушылар видеодағы жағдайды талдап, өз ойларын білдіреді.

III. Қорытынды бөлім (10 минут)

- "Бала тәрбиесіндегі менің басты қағидам" – әр қатысушы өз пікірін бір сөйлеммен қорытындылайды.
- Модератор қорытынды сөз сөйлеп, тәрбиенің маңыздылығына тоқталады.
- Алғыс білдіріп, кездесуді аяқтау.

Бекітемін

Мектеп директоры

Л.Н.Мырзакасымова



Тақырыбы: ӘЖЕЛЕРДІҢ ӨШПЕЙТІН ӨНЕГЕЛІ ҮЛГІСІ

Мақсаты:

Әжелердің ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру.

Міндеттері:

1. Әжелердің бала тәрбиесіндегі орнын анықтау
 2. Өнегелі әженің немерелеріне нені үйретуі керегін түсіндіру
 3. Қиын жағдайда оң шешім шығаруды дағдыға айналдыруға кеңес беру
- Ұлттық құндылықтар:** Бірлік пен татулық Күтілетін нәтиже: Әжелер отбасылық тәрбиедегі жауапкершілігін түсінеді Немерелеріне нені үйрету керегін біледі Немересіне үлгі болуды дағдыға айналдырады.

Ұйымдастыру бөлім»: (10 минут) - Сәлеметсіздер ме, құрметті әжелер! Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз. Бүгін №136 «Даналық мектебі» клубы бойынша «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» атты тәрбиелік шарамызды өткізгелі отырмыз. Сіздердің құрметтеріңізге мектебіміздің оқушыларының арнаған ән шашуы бар. Олай болса, өнерлі оқушымызды ортаға шақырайық. 8 - сынып оқушысы Ж.Жақсыбектің орындауында «Асыл әжем» әні.

Әжелермен танысу Мектеп психологі арнайы шақырылған әжелерді ортада дөңгелене тұрғызып, танысу талабын түсіндіреді.

(Әжелер ортада өздерін таныстырады.)

Ұйымдастырушы: Бүгін сіздермен дөңгелек үстел форматында өткізілгелі тұрған тәрбиелік шарамыздың тақырыбы: «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» деп аталады. Отбасы баланы бақытқа бастайтын мекен. Отбасы – баланың жақсы тәрбие алатын, өсіп, өмір сүретін орны. Қазіргі таңда ата-ананың бірінші мақсаты – бала-шағаны асырау үшін қаражат табу, оларды қатарынан қалдырмау. Көбіне осы мақсатпен жүріп атаана бала тәрбиесіне көп көңіл бөле алмай қалады. Ал бала тәрбиесі отбасынан басталады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, жақсыжаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Отбасындағы кикілжің-ұрыстар баланың психикасына әсер етеді. Баланың мейірімді, әдепті, еңбекқор, туысқаншыл болып өсуі – отбасында жайлы, жақсы ахуалдың арқасы. Баламыз өмірден өз

орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлуді керек. Осы арада: - отбасындағы бала тәрбиесінде әжелердің орны қандай болу керек деп ойлайсыздар?

Негізгі бөлім (40 минут) 1-мәселе.

Мен үшін қымбат... (ой қозғау. 10 минут) - Аяулы әжелер! Өмірдің әр кезеңінің өзіндік бағасы бар. Осы жасқа келгенше өмірден көп нәрсені көрдіңіздер, білдіңіздер, өмір шындығын түйдіңіздер. Әжелік кезең - көп адамның арманы, мәртебелі шақ. Өткеніңіз бен бүгініңізге, ертеңіңізге көз жүгірте отырып, нені «Мен үшін қымбат» деп айтар едіңіздер. Әжелердің жауаптарының үлгілері: - Өмір қымбат - Адамның көңілі қымбат - Ұрпағың қымбат - Уақыттың қадіріне жете бермейміз, уақыт - қымбат! - Мен үшін адамға әсерлі болатын әрбір сәт қымбат - Ұлттық құндылықтар бәрінен қымбат деп ойлаймын - Адамның ары мен ұяты, намысы қымбат

1-мәселені қорытындылау: Осындай қымбат дүниелердің қадіріне жету үшін немерелерімізге не айтуымыз керек? Қандай тәрбие беруіміз керек?

2-мәселе. Өнегелі әже. «Менің атым Қожа» фильміндегі әженің көрінісі арқылы әжелер өнегесіне саяхат. (10 минут)

<https://www.youtube.com/watch?v=yQa1xX0FKPs> 1-15 сек., 8.44-8.45 сек., 39.30-40.35 сек. үзінділер көрсетіліп, төмендегі сұрақтар бойынша әжелер ой пікірін білдіреді:

1. Қожаның әжесінің ерекше қасиеттері қандай?
2. Бүгінгі әжелерге ұқсайтын және ұқсамайтын жақтарын айта аламыз ба?
3. Әжелеріңіз несімен есіңізде қалды?
4. баяғы өз әжеміздей бола аламыз ба?
5. Осындай өнегелі әжелердің тәрбиесін жалғастыруға Біз не кедергі?

2-мәселені қорытындылау: Өнегелі әже қандай болуы керек?

3-мәселе. Немерелерімізге нені, қалай үйретуіміз керек?

Ой қозғау (10 минут) Құрметті әжелер, жаңа танысу барысында өз есімдеріңізден бұрын мақтанышпен немерелеріңіздің атын бірінші атадыңыздар. Немересін жақсы көрмейтін әже болмайтын шығар. Сол немереміз жақсы болсын десек, оған әже ретінде нені үйретуіміз керек? Қазір осы мәселені жұпта немесе 3 адамдық топта талқылап, ортаға салайықшы...

Әжелердің жауаптарының үлгілері:

I жұп - Әлеуметтік желіде өз парақшасын қалай жүргізуді

II жұп - Бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатынас жасауды

III жұп - Қиындыққа тап болғанда өзін қалай ұстауды

IV жұп - Үйдің, ауланың тазалығына көңіл бөлуді

V жұп - Уақытымен ұйықтау, дұрыс тамақтанудың артықшылықтарын

3-мәселені қорытындылау: Осындай дүниелерді үйрету арқылы немерелеріміздің жақсы адам боп қалыптасуына көмектесе аламыз ба?

Ұйымдастырушы: Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы бір сөзінде: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын...» деген екен. Бауыржан атамыз текке қорқып отырған жоқ. Дәл бүгін осындай жағдайдың қоғамда жартылай болса да, орын алып тұрғаны ақиқат. Ұрпағымызды тамырсыздық індетінен сақтаймыз десек, әжелік міндетімізге атүсті қарамайық. Биылғы оқу жылы да «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» былтырғы жұмысын жалғастырып жатыр. Соған орай «Даналық мектебі» аясында әжелердің бала тәрбиесіндегі бағалы кеңестері мен тәжірибесін үлгі ету мақсатында бүгінгі шараны ұйымдастырып отырмыз. Олай болса, осы дөңгелек үстелдегі айтылған мәселелерден қандай даналық түйін едіңіздер?

Рефлексия: Даналық түйін Әжелердің “даналық түйіндерінің” үлгілері: - Қазіргі балалар ерекше біздің тәрбиемізге көнбейді десек те өзгермейтін бір нәрсе бар. Ол балаға деген жанашырлық, мейірім. Сол арқылы біз бала жүрегіне жол таба аламыз. - Балаға құр ақыл айту нәтиже бермейді. Ақыл айтпас бұрын сол ақыл айтатын деңгейде қадірім бар ма деп ойлану керек. - Біздің заманымыз бөлек болды, қиындықтар арқылы жетілдік. Қазір заман басқа, бірақ мұның да өз қиындығы шаш-етектен. - Өзіміз әжеміздің тәрбиесін алдық, одан жаман болмадық. Обал мен сауапты, ұятты ойлағанда әжеміз еске түседі. - Мектептің жанынан “Даналық мектебі” ашылып жатса, неге біз даналық түйін жасай алмаймыз?! Адал бол, білімді бол, еңбекті сүй - бұл үшеуі адамды даналыққа бастайтын, адастырмайтын бағдаршам. - Мен балаларыма жақсыларды үлгі етемін. Өзім жетпеген биікке солар жетсе екен деп тілек тілеймін, бата беремін, өзім мүлде жаман сөз, қарғыс айтпауға тырысамын.

Ұйымдастырушы: Әже мейірі күн көзімен пара-пар, Тұла бойға қуат болып таралар. Өмірімізге шуақ шашып әрқашан Көп жасаңыз, ақ ниетті әжелер, - дей отырып, бүгінгі «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» атты дөңгелек үстелімізді аяқтаймыз.

Анықтама

Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі

Мектебімізде "Даналық мектебі" әжелер клубы аясында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары "Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі" атты ашық шеберлік сағатын ұйымдастырды.

Мақсаты: Әжелердің ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру; өскелең ұрпаққа өнегелерін жеткізу.

Шеберлік сағаты -оқушылардың "Асыл әжем" атты әнімен бастау алды.

Әже үлгісі — ғасырлар бойы ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі.

Зейнеткер ұстаз Ахметова Улбике ұлттық оюдың түрлерімен таныстырып, РҚБ «Әділ аналар» төрайымы Орынбай Мауия Жаңәбілқызы қыздарымызға тоқыма түрлерін көрсетті.

Нұрдәулетова Сауданхан әжеміз ұлттық тағамдардың жасалу жолын түсіндірді.

Мектебіміздің ұстаздары, немере сүйіп отырған әжелеріміз Перуза Мамирова және Даулетова Махира да қатысып,ұршық иіру, жүн түту өнерін көрсетті.

Шеберлік сағаты барысында әжелер өнегелі әңгімелерімен сусындатты.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Умбетова Манзура ырым-тыйымға байланысты сұрақтар қойып, әжелерімізден жауап алды.

Айтылған тақырыптар тәжірибе жүзінде балаларға көрсетілді. Мектеп директоры Мырзакасымова Ляззат Нариманқызы сөз сөйлеп, әжелерімізге алғыс айтты.

Қонаққа келген әжелеріміз әсем әндерін айтып тәнті етті.

Өнегелі үлгі көрсеткен әжелеріміз ұлттық тағамдары жайылған ақ дастарханнан дәм татып, ақ баталарын берді.

Анықтамашы:Теңізбаева Дана

«Әкелер мен балалар арасындағы спорттық жарыс» бағдарламасы

Мақсаты:

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі»

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

1-бақыт: Кіріспе

Жүргізуші:

Құрметті әкелер, әйелдер және балалар! Бүгін біз достықтың айналасына, қарындасымызды ұстау үшін жиналдык. Сіздерді «Әкелер мен балалар арасындағы спорттық жарысқа» қош келіміз!»

Тақырыбы:

«Әкелер мен балалар арасында спорттық жарыс»

Спорттық жарыс

2-бақыт: Жалпы жетекшілер

Бүгінгі тақырыптың маңызы өте зор. Осымен бірге, біз қарындасымызды ұстау үшін жиналдык, бірақ қарындасымызды ұстау үшін жиналдык.

Жетекшісі: М.Танирбергенов

1-бақыт: «Жалпы жетекшілер»

Шарты: Әкелер мен балалар арасындағы спорттық жарыс, мекені жерге дейін берген қызыл.

2-бақыт: «Достық айналасы»

Шарты: Әкелер мен балалар арасындағы спорттық жарыс, мекені жерге дейін берген қызыл.

3-бақыт: «Секірілістен секіріу»

Шарты: Балалар секірілістен секіріу, мекені жерге дейін берген қызыл.

«Әкелер мен балалар арасындағы спорттық жарыс» сценарийі

Мақсаты:

- Отбасылық құндылықтарды нығайту.
 - Спортқа деген қызығушылықты арттыру.
 - Әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту.
-

1-бөлім: Кіріспе

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар, ата-аналар және балалар! Бүгін біз денсаулықты нығайтып, көңілді уақыт өткізу үшін жиналды. Сіздерді «Әкелер мен балалар арасындағы спорттық жарысқа» қош келдіңіздер!

Бүгінгі жарысымызда әкелер мен балалар түрлі спорттық сайыстарға қатысып, шапшаңдықтарын, күштерін және ептіліктерін сынайтын болады.

Алдымен, қатысушыларымызды таныстырып өтейік! (Әрбір әке мен баланы таныстыру)

2-бөлім: Жылыту жаттығулары

Барлық қатысушыларға көңілді әуен қосылып, дене қыздыру жаттығулары жасалады.

3-бөлім: Негізгі жарыстар

1-этап: «Жылдамдық эстафетасы»

Шарты: Әкелер мен балалар кезек-кезек жүгіріп, межелі жерге дейін барып қайтады.

2-этап: «Допты алып өт»

Шарты: Әке мен бала допты бірге кедергілерден өткізіп, мәреге бірінші болып жетуі керек.

3-этап: «Секіргішпен секіру»

Шарты: Балалар секіргішпен берілген қашықтықты секіріп өтеді, ал әкелері оларды қолпаштайды.

4-этап: «Кім мықты?»

Шарты: Арқан тарту сайысы, әкелер мен балалар бірігіп жарысады.

4-бөлім: Қорытынды және марапаттау

Жарыстар аяқталғаннан кейін, қатысушыларды марапаттау рәсімі өтеді. Барлық қатысушыларға дипломдар мен естелік сыйлықтар табыс етіледі.

Жүргізуші:

Құрметті достар, бүгінгі жарысымыз өте қызықты әрі көңілді өтті!

Барлықтарыңызды белсенділік танытқандарыңыз үшін құттықтаймыз. Отбасылық спорттық шаралар біздің достығымызды нығайтып, денсаулығымызды жақсартады. Келесі кездескенше!

Анықтама

«Әкелер мен балалар арасында спорттық жарыс» тақырыбында № 136жалпы орта білім беретін мектебінде « Әкелермен өткізіліген спорттық жарыс» анықтамасы

136жалпы орта білім беретін мектебінде Әкелер мектебінің ұйымдастыруымен "Әкелер мен балалар арасында спорттық жарыс" атты іс-шара өткізілді. Бұл жарыстың негізгі мақсаты – отбасы мүшелері арасындағы байланысты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру.

Іс-шараға мектеп оқушылары мен олардың әкелері белсенді түрде қатысты. Жарыс бағдарламасында эстафеталық жарыстар, доппен ойындар, секіру сайыстары және күш сынасу кезеңдері болды. Барлық қатысушылар жоғары белсенділік танытып, өздерінің спорттық шеберліктерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен командалар марапатталып, қатысушыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар, барлық әкелер мен балалар үшін бұл жарыс ұмытылмас әсер мен қуаныш сыйлады.

Іс-шараны ұйымдастырушы Әкелер мектебінің жетекшісі Б.Ибрагимов барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, осындай спорттық іс-шараларды дәстүрлі түрде өткізу қажеттігін атап өтті.

Анықтамашы:М. Танирбергенов

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі»

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Тақырыбы:

«Әкелер өнегесі» шығармашылық кеші»

Жетекшісі: М. Джунисов

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:

- Әке рөлінің маңыздылығын дәріптеу, отбасы құндылықтарын насихаттау.
- Әкелердің өмірлік тәжірибесі мен өнегесін өскелең ұрпаққа үлгі ету.
- Балалар мен әкелер арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Сценарий барысы

I бөлім: Кеш ашылуы

Жүргізуші:

Армысыздар, қадірлі қонақтар, құрметті әкелер!

Бүгінгі «Әкелер өнегесі» атты шығармашылық кешімізге қош келдіңіздер!

Әке – асқар тау, отбасының тірегі, балаларына бағыт-бағдар беретін ұлы тұлға.

Бүгін біз әкелеріміздің даналық сөздерін тыңдап, өнерлерін тамашалап, олардың өмірлік жолдарымен танысамыз.

(Кештің ашылуы ретінде бір ән немесе музыкалық нөмір орындалады.)

II бөлім: Әкелерге арналған тағзым

1-жүргізуші:

Әке – өмірдің мәні, тіршіліктің сәні. Ол – үйдің қорғаны, баланың арқа сүйер асқары.

Бүгінгі кеште әкелеріміздің өмірлік жолы мен өнегесі туралы сыр шертеміз.

(Экранда әкелердің суреттері, олардың даналық сөздері көрсетіледі.)

2-жүргізуші:

Олай болса, «Әке деген кім?» атты бөлімімізді бастайық. Бұл бөлімде балалар өз әкелері туралы әңгімелеп, олардың жақсы қасиеттерін айтып өтеді.

(Балалардың шағын эссе немесе өлең оқу сәті.)

III бөлім: Әкелер сөйлейді

(Әкелер өздерінің өмірлік тәжірибесі, отбасы құндылықтары, бала тәрбиесі туралы әңгімелейді.)

Жүргізуші:

Құрметті әкелер! Сіздерге сұрақ:

- Бала тәрбиесіндегі ең маңызды қағидаңыз қандай?
- Өзіңізді қандай әке деп есептейсіз?
- Балаларыңызға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

(Әкелер жауап береді.)

IV бөлім: Әке – өнердің киесі

Жүргізуші:

Әке тек қамқоршы ғана емес, ол – өнерлі, ақылман, дана тұлға. Бүгін біз әкелеріміздің өнерін тамашалаймыз!

(Әкелер ән шырқап, күй тартып немесе басқа өнерлерін көрсетеді.)

V бөлім: «Әке – отбасының шамшырағы» ойыны

(Әкелер мен балалар қатысатын шағын ойындар өткізіледі.)

- «Менің әкем – ең мықты!» (Балалар әкелерін сипаттап, қонақтар олардың қай әкесі екенін табады.)
- «Сөзді жалғастыр» (Әкелер мақалдың басын айтып, балалары жалғастырады.)
- «Әкем туралы бір сөз» (Балалар әкелерін бір сөзбен сипаттайды.)

VI бөлім: Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгінгі кеште әкелеріміздің асыл қасиеттеріне тағы да көз жеткіздік. Олар – отбасының тірегі, өміріміздің шамшырағы.

(Кешке қатысқан барлық әкелерге алғыс хаттар мен шағын сыйлықтар табыс етіледі.)

Қорытынды сөз:

- Ұйымдастырушылар мен қонақтар кеш туралы өз пікірлерін білдіреді.
 - «Әке арманы» атты қорытынды ән орындалады.
-

Қорытынды:

Бұл кеш әкелер мен балалардың жақын қарым-қатынас орнатуына, бір-біріне де құрметін арттыруға үлкен септігін тигізеді. Әкенің өнегесі – өмір мектебі. Сол себепті әр әкенің айтқан сөзі, жүріп өткен жолы ұрпаққа үлгі болуы тиіс!

Анықтама

**«Әкелер өнегесі» тақырыбында №136 жалпы орта білім беретін мектебі
Әкелермен өткізілген шығармашылық кешінің анықтамасы**

Іс-шара: «Әкелер өнегесі» шығармашылық кеші

Өткізілген орны: № 136 жалпы орта білім беретін мектебі

Ұйымдастырушы: М.Джунисов

№136 жалпы орта білім беретін мектебі М.Джунисовтың ұйымдастыруымен «Әкелер өнегесі» тақырыбында шығармашылық кеш өтті. Іс-шараға мектеп оқушыларының әкелері, ұстаздар және қонақтар қатысты.

Кеш барысында әкелердің отбасы тәрбиесіндегі рөлі, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі маңыздылығы және олардың балаларға берер тәлім-тәрбиесі туралы мазмұнды пікірталас жүргізілді. Әкелер өз тәжірибелерімен бөлісіп, бала тәрбиесінде кездесетін өзекті мәселелерге қатысты ойларын ортаға салды.

Іс-шара аясында шығармашылық қойылымдар, әкелер мен балалардың бірлескен өнер көрсетулері ұйымдастырылды. Сонымен қатар, әкелер өз балаларының жетістіктері мен олардың болашаққа деген жоспарлары жайлы әңгімелеп, мотивациялық әңгімелер айтты.

Шығармашылық кеш жоғары деңгейде өтті, қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, бала тәрбиесіндегі әкенің маңыздылығын тағы бір мәрте айқындады.

Қорытынды: Іс-шара барысында әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, ұлттық тәрбиенің маңыздылығын арттыруға және отбасы құндылықтарын дәріптеуге ерекше көңіл бөлінді.

Өткізген: М.Джунисов

Шымкент қаласы №136 жалпы орта білім беретін мектебі
«ЖИРЕН ЖАМАН ӘДЕТТЕН!» атты іс-шарасының сценарийі



1 Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар мен білімге құштар жас достар! Бүгінгі тәрбие сағатымыз «ЖИРЕН ЖАМАН ӘДЕТТЕН» тақырыбы аясында өткізілмек. Мақсатымыз: салауатты өмір сүру салтын насихаттау, қоғамды кері кетіретін жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу, ең басты байлық денсаулық екенін ұғындыру, денсаулықтың қадірін білу.

2 Жүргізуші:

Денсаулық - бар байлығың басыңдағы

Жайнаған өміріңнің жасыл бағы.

Қастерлеп мәпелесең, аяласаң

Бойыңнан кетпес қуат жасыңдағы.

Өмір – адамға табиғатпен берілген ең қымбат дүние. Адамның ұзақ, мәнді де сәнді, бақытты өмір сүруінің негізі-оның денсаулығы. Қазіргі таңда бүкіл әлемді толғандырып отырған мәселенің бірі-адам денсаулығы. Адам денсаулығы-қоғам байлығы. Денсаулық-табиғи күш, тазалық, тамақ, дене шынықтыру.

1 Жүргізуші: Бүгінгі тәрбие сағатымызда “Саламатты Қазақстан” атты жүрдек жолаушылар поездымен бірнеше аялдамаларға тоқтаймыз. Аялдамаларда сіздер көптеген тапсырмалар күтіп тұр.

2 Жүргізуші: Алғашқы аялдама «Сұрақ-жауап» аялдмасы

Ал, кәнеки, танымдық сұрақтарға жауап беруге дайынсындар ма?

1. Адамның ақыл-ойының дамуы мен өсуіне жағдай жасайды. Теңіз өнімдерінде, балықта, көкөністе болады. Ол не? (Йод)

2. Валеология сөзінің қазақша баламасын ата (Салауаттану)

3. Темекі құрамындағы улы зат? (Никотин)

4. Еуропада темекі атауы. Ол не? (Табаго, табак)

5. Маскүнем сусыны ол не? (арақ)



Жас ұрпақ салауатты
өмір салтын таңдайды!

Шылым шегуге жол ЖОҚ!

Біз денсаулықты
таңдаймыз!



2 Жүргізуші: «Жақсы – жаман» аялдамасына келіп жеттік

Көрініс: АРАҚ, ТЕМЕКІ, ЕСІРТКІ кіріп келеді.

Арақ:

МЕН АРАҚПЫН, АРАҚПЫН

ЖЕР ЖҮЗІНЕ ТАРАППЫН!

ЖҰРТТЫҢ ҚҰМАР АСЫ БОП

КЕРЕГІНЕ ЖАРАППЫН!

Темекі:

Мен темекі шылыммын,

Аузына елдің іліндім.

Канша мені тартса да,

Демеді ешкім Бүліндім.

Есірткі:

Мен есірткі нашамын,

Уытымды шашамын.

Өзімді мақтан тұтамын!

1 Жүргізуші

- О, жаратқан, жаратқан,

Жұрттын аузын қаратқан.

Ағайынды ушеуін,

Кандай пәле тараткан!?

/Арақ, Темекі, Есірткі құшақтасып билеп тұрғанда, Денсаулық, Витамин, Спорт келіп оларды қуып жібермекші болады – /би/

1 Жүргізуші: *Бәрекелді, жаман әдеттер қуылды!*

Назарларыңызға оқушыларымыз дайындаған постер ақпараттарын ұсынамыз!

1 Жүргізуші: «Темекі зынданы» аялдамасына жеттік

1 Оқушы: ПОСТЕР «Темекі, алкоголь мен маскүнемдік туралы»

Темекі адам денсаулығына зиянды болып табылады. Оның құрамында Никотин бар. Темекіні адамға пайдалы деп Жан Нико өсірген. Сол себепті құрамындағы улы-осы кісінің атымен – никотин деп атаған. Темекі 2 құрамында 40 – қа тарта түрлі химиялық заттар бар. Ол: смола, көміртек, никотин, мышьяк, ацетон т.б

1 Жүргізуші: «Ғасыр дерті» аялдамасына жеттік

Алкоголь туралы

Алкоголь қайдан және қалай шықты, соны біліп алайық. Таза спиртті VI – VII ғасырларда арабтар өндіре бастады да алкоголь деп атады. Арақтың ең бірінші ишшасын араб алхимигі Рагез 960 жылы жасап шығарды.

Маскүнемдікті Гиппократ “Өз еркімен ақылдан адасу” деп атаған. Алкогольдің 7-8 грамының өзі адамды ақыл – ойынан адастырып, ерекше күйге бөлейді, мидың дұрыс қызмет атқаруын бұзады.

ПОСТЕР «Нашақорлық туралы»

Нашақорлық – өлімге апаратын тура жол. Нашақорлық-адамның өзін-өзі баяу өлтіруі. Есірткіні алғаш рет қолданудың өзі адам ағзасына өте әсер етеді. Ол адамның миын улап, әртүрлі жман қылықтарға итермелейді. Одан әрқашанда аулақ болуымыз керек.

Зиянды заттар: Есірткі, нашақорлық, ішімдік маскүнемдік, темекі, ЖҚТБ. Олардың зияны: еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, отбасына, ұрпаққа тиері анық.

ВИДЕОРОЛИК «Есірткі»

1 Жүргізуші: Келесі аялдама «Шығармашылық алаңы»!



«Зиянды әрекеттер жайлы» көрініс

1 Жүргізуші: «Ақиқат» аялдамасына келіп жеттік

"Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам". Оны білеміз. Солай бола тұра адам баласы өтірікті өміріне серік етеді. Әйтсе де шындықтың өтіріктің бетін ашпай қойған кезі кемде-кем. Сөзан орай аталарымыз:

"Шындық бар жерде

Өтірік байқап жүреді.

Шындық жоқ жерде

Шіреніп, шайқап жүреді", - деген.

2 ЖҮРГІЗУШІ

Көпшілік адамдар жақсы қарым-қатынастың тек шындықтың нәтижесінде ғана орнайтындығын айтады. Алайда күнделікті тұрмыста жақын адамдарымызға да өтірік айтып жататын тұстарымыз болады. Біреуден өзіңізге ұнамаған сыйлық алып қалсаңыз немесе сабақтан нашар бага алып келсеңіз шындықты айтасыз ба?

Кейбір адамдардың қанына өтірік айту қабілеті сіңіп кететін. Қанына сіңген қасиеттің арқасында шынайы қарым-қатынастың не екендігін түсінбей өтеді. Осы тесттің көмегімен өзіңіздің өтірік айта білу қасиетіңіздің қандай дәрежеде екендігін анықтап көріңіз:



????????????

1. Сабаққа ұйқыңызды қимағандықтан кешігіп бардыңыз. Ұстаз алдында қалай ақталасыз?

А) оятқының даусын естімегендігімді айтамын

Ә) көлік кептелісіне тап болғандығымды айтамын

Б) жәй ғана кешіккендігімді айтамын

В) отбасыма немесе кіші іні-қарындастарыма байланысты жағдайлар ойлап табамын

Г) өтіріктің барлығын сол мезетте ұйымдастырамын

2. Сіздің өтірік айтып тұрғаныңызды біреу біліп қойса...

А) бұның өтірік екендігін айтып, тағы быраз жалттарамын


Ә) не себепті өтірік айтқанымды түсіндіремін

Б) күлемін

В) менде не шаруасы бар екендігін айтып, ашуланамын

Г) ұрысамын

2 Жүргізуші: Сақ болыңыздар, достар! Біз «Ұрлықстан» аялдамасына келіп жеттік



Ұрлыққа байланысты мақал – мәтелдер

- 1. Ұрлық түбі-қорлық.*
- 2. Сезікті секіреді.*
- 3. Ұрымен жақын болсаң, ұятқа қаласың.*
- 4. Ұры байымас.*
- 5. Түйе ұрлаған да- ұры, түйме ұрлаған да ұры.*
- 6. Ұры ұрлығын қойса да, ұры атағы қалмайды.*
- 7. Ұрысы күшті болса, иесі өлер.*

Құқықтық тәрбие мен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Аталған қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру қажет. Сол себепті өзімізді ұрлық жасаудан аулақ ұстау қажет. Жақсы жаққа жақын болайық.

1 Жүргізуші: “Жағдаяттар” аялдамасына жеттік!

Достар! Ситуациялық жағдайлардан шыға біле аласыздар ма? Соны білейік! Ол үшін бірнеше сұраққа жауап берсеңдер болғаны!

1. Сенің достарыңның бәрі темекі шегеді. Ал сенің темекі шеккің келмейді, сол үшін олар сені шеттете бастайды. сен олардан бөлініп кете алмайсың. Не істер едің?

2. Сенің өте жақсы көретін досыңның аузынан ептеп арақтың иісі шығатынын бір-екі рет байқадың. Ол сені сезеді деп ойлаған жоқ. Ата-анасыны айтайын десең досыңның көңілін қымайсың. Сен досыңды қалай құтқарар едің?

3. Саған 11-сынып оқушысы «Маған күніне бір қорап темекі алып бер. Екеуіміз бірлесіп шегеміз. Мұны тек сен екеуіміз ғана білетін болайық. Әйтпесе...» деп жұдырығын көрсетіп шарт қойды. Өзіңді қандай жолмен құтқарасың?

1 Жүргізуші: Келесі аялдама "Пайдалы — зиянды" аялдмасы

Теледидарды ұзақ қарау; Дұрыс тамақтану; Өтірік айту; Тамақ ішер алдында қолды жуу; Компьютерде көп отыру; Күніне 2 рет тіс тазалау; Айқайлау; Темекі шегу; Жаттығу жасау; Тәттілерді көп жеу; Тырнақ тістеу; Күнделікті тәртіпті сақтау; Шындықты айту; Ұқыпсыз киіну; Алдау; Үнсіз тамақтану; Сәлем айту; Төсек жинау.

2 Жүргізуші:

БІЗ-болашақтың гүліміз.

Қазір көп ересек адамдар жаман әдеттерден арыла алмайды. Соларға қарап жасөспірімдер үлгі алады. Біз өскенде қайсы жаман, қайсы жақсы екенін білеміз. Егер біз жаман әдеттен аулақ болсақ, онда бізден кішкентайлар үлгі алып, осындай әдеттерден аулақ болады.

Енді ғана бүршік жарып, қызғалдақтай құлпырған өзімізді гүлге теңеймін. Сол гүлдердің жайқалып өсуі не үшін қажет, не зиян, не істеу керек?



1. Өтірік айту жаман қасиет дегендерін, ерлемізден тұрамыз.

2. Жақсы адам балғыларың келсе, орнымыздан тұрып ілеміз.

3. Жалқаулық жаман қасиет дегендерін, отырайық.

4. Бүгінгі сабаққа жақсы көңіл-күймен келгендеріңіз, аяқты еденге соғайық.

5. Адамгершілігі мол адамдар орнымыздан тұрып бір — біріміздің қолын аламыз.

6. Осы мектеп туралы жақсы ой-пікірдегі адамдар «Біз» деп айқайлаңыздар.

7. Бүгінгі кездесуге қуаныштылар қол шапалақтастылық.

2 Жүргізуші: «ЖАРҚЫН ӨМІР» аялдмасына жеттік

Егер гүлді суармасақ, ол солады. Адам да сол сияқты. Адамды бұзатын жаман әдеттер: темекі, арақ, есірткі. Міне осындай жаман әдеттерден аулақ болсақ болашақта деніміз сау, салауатты азамат болып дүниенің

бір кірпіші болып қаланарымыз сөзсіз. Сондықтан достарым сіздерді жаман әдеттен аулақ болуға шақырамын өйткені біз-болашақтың гүліміз.

Әдеттен жаман аулақ болайық!

Өз өмірің өз қолыңда, ей достар

Су ішпеген гүлдей болып солмайық!

Қорытындылай келе, айтқымыз келеді: сіздердің әрқайсыларыңыз өз тағдырларыңыз бен денсаулығыңыздың иесісіз. Ата-аналар да, мұғалімдер де, басқалар да сіздің өміріңізді сіз үшін өткізбейді. Бүгінгі іс-шара барысында біз бір-бірімізге қарап, денсаулық пен көтеріңкі көңіл-күй тіледік! Және де жаман әдеттерге бірауыздан «ЖОҚ, ЖАМАН ӘДЕТТЕР!» деп аяқтауды ұсынамыз.

КӨРІНІС /жаман әдеттер жазылған кағаздарды жырту/

1 Жүргізуші: Жарқын өмір аялдамасына келіп жеттік!

Біздің бүгінгі іс-шарамыз аяқталды. Достар, жаман әдеттерден аулақ болуды қоштайсыңдар деген үміттеміз. Келесі кездескенше қош - сау болыңыздар!

«ЖАРҚЫН ӨМІР» аялдамасы



«№136 жалпы орта білім беретін мектебі»

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Тақырыбы:

«Отбасылық құндылықтар»

Әкелермен тәжірибе алмасу, бала тәрбиесі туралы пікірталас.

Әкелер мектебінің жетекшісі: Б.Ибрагимов

2024-2025 оқу жыл

Пікірталастың негізгі бағыттары:

1. Әке – отбасының тірегі

Әкенің отбасындағы рөлі қандай?

Әкенің міндеттері мен жауапкершілігі.

Балаларға үлгі болу: қандай қасиеттерді дамыту керек?

2. Бала тәрбиесіндегі әке мен ананың орны

Әке мен ана тәрбиесінің айырмашылықтары мен ұқсастықтары.

Әке бала тәрбиесіне қаншалықты белсенді араласуы керек?

Бала тәрбиесіндегі теңгерімділік: махаббат пен талап.

3. Қазіргі заманның бала тәрбиесіне әсері

Жаңа технологиялар мен интернеттің бала психологиясына ықпалы.

Дәстүрлі құндылықтар мен заманауи көзқарастар.

Жасөспірімдермен дұрыс қарым-қатынас орнату жолдары.

4. Тәжірибе алмасу

Әр әкенің бала тәрбиесіндегі жеке тәжірибесі.

Қиындықтарды жеңу жолдары.

Ұрпақтар сабақтастығы және отбасы дәстүрлері.

Қорытынды:

Бұл пікірталас әкелерге өз тәжірибелерімен бөлісуге, бала тәрбиесіндегі жаңа әдістерді меңгеруге және отбасы құндылықтарын нығайтуға көмектеседі. Әкелердің белсенділігі – бақытты, саналы ұрпақ тәрбиелеудің негізі.

Анықтама

«Отбасылық құндылықтар» тақырыбында № 136 жалпы орта білім беретін мектебі

Әкелермен өткізіліген пікірталастың анықтамасы

Тақырыбы: «Отбасылық құндылықтар»

Өткізу орны: №136 жалпы орта білім беретін мектебі

Өткізу уақыты: 12:00

Ұйымдастырушы: Әкелер мектебінің жетекшісі – Б.Ибрагимов

№136 жалпы орта білім беретін мектебінде Әкелер мектебінің жетекшісі Б.Ибрагимовтың бастамасымен «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Іс-шараға мектептің әкелері, ұстаздар және мектеп әкімшілігі қатысты.

Пікірталас барысында отбасы тәрбиесінің маңыздылығы, ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі, отбасылық құндылықтарды сақтау және ұрпаққа дұрыс тәрбие беру мәселелері қозғалды. Қатысушылар отбасы институтының маңыздылығы жайлы өз ойларын ортаға салып, тәжірибелерімен бөлісті.

Іс-шара соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған нақты ұсыныстарын білдірді. Жиын нәтижесінде ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты арттыру, балаларға үлгі болу және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бойынша бірқатар шешімдер қабылданды.

Қорытынды: Пікірталас ата-аналардың отбасылық құндылықтарға деген жауапкершілігін арттыруға және олардың бала тәрбиесіндегі белсенділігін күшейтуге бағытталған тиімді іс-шара болды.

Өткізген:

Б.Ибрагимов



Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н.Мырзакасымова

«ТУЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ»

Мақсаты: Туыстық қарым-қатынастың маңыздылығын дәріптеу.

Міндеттер:

1. Туыстық атаулардың мағынасын ашу
2. Ағайын, туыс арасындағы татулықты сақтау жолдарын түсіндіру
3. Туыстық қарым-қатынасқа атаның жауапты екеніне назар аударту

Ұлттық құндылық:

Туыс адамдар арасындағы татулық

Күтілетін нәтиже:

Туыстық атауларды бір-бірінен ажыратады. Туыстық қарым-қатынастың маңыздылығын түсінеді. Ағайын арасындағы сыйласықтың артуына мүмкіндік жасайды. I. Ұйымдастыру бөлімі (10 минут)

Ұйымдастырушы: Қайырлы күн, құрметті қатысушылар, аталар! Біз сіздермен «Туыстық қатым-қатынас – баға жетпес байлық» деген тақырыпта ой қозғайтын боламыз. Тренинг. (5 минут). «Сіздер... білесіздер: Бірақ... білмейсіздер». Іс-шараға қатысушы аталар өздерін таныстыру мақсатында тренингке қатысады. Олар өздерінің ата ретінде атқарып жүрген маңызды істерімен таныстырады.

Мысалы, 1. Сіздер менің қамқор ата екенімді білесіздер, бірақ 10 немерем бар екенін білмейсіздер. 2. Сіздер қатал екенімді білесіздер, бірақ немере десе ішкен асымды жерге қойып, көп уақытымды соларға арнайтынымды білмейсіздер. 3. Сіздер 9 немерем бар екенін білесіздер, бірақ немерелеріме атқа мінуді үйреткенімді білмейсіздер. (Бұл шартты түрде алынған мысалдар, аталар «білетін, білмейтіндерді» қалауына қарай өзгертіп айтады)

Ой қозғау. (5 минут)

Ұйымдастырушы: Бүгінгі күні өмірде ағайын адамдардың бір-бірімен тіл табыса алмай, бір-бірін мәңгі көрместей болып, ат-құйрығын кесісіп жатқан жайттар жиі кездеседі. Туыстық қарым-қатынасымызды нығайтудың орнына, үзуге бейім болып барамыз. Ағайын-туыспен той-мерекелерде ғана кездесіп қалғанымыз болмаса, арнайы жолға шығып, жүздесіп қайтуды ұмыта бастадық. Осының салдарынан ағайын арасы бірте-бірте суып бара

жатқандай. Неліктен? Ағайынның арасындағы қарым-қатынастың берік орын алуына кім жауапты?

1. Ал сіз ше, сіз дәл осы жауапкершілікті қалай арқалап жүрсіз? 2.

Қазақ неге туысын «бауырым» дейді? (қатысушылар сұрақтарға жауап береді, бірін-бірі толықтырады.)

Негізгі бөлігі (40 минут) 1-тапсырма.

Топтық жұмыс. (10 минут) Отбасының басшысы, балалардың қорғаны, жанұядағы тәртіпті сақтап басшылық жасап жүрген адам – Ата! Атаны биік бәйтерекке теңеп жатамыз. Шынында, отбасының арқасүйер қамқоршысы сіздерсіздер. Бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесінде атаның рөлі зор. Тіпті ағайын арасындағы туысқандық жайлы да балаға түсіндіріп отыру сіздердің міндеттеріңіз дер едім! Олай болса, алдымен, туыстық атауларды еске түсірейік! (3 топқа туыс атаулары жазылған үлестірме таратылады)

1-топ.

- Нағашы ата
- Абысын
- Бажа
- Қайын аға
- Нағашы әже
- Келін

Берілген туыстық атауларды немереңізге үйрету үшін тігінен «ағайын» деген сөзді жазып, сөзжұмбақ құрастырыңыз.

2-топ.

- Әже –
- Құда –
- Құдаша –
- Жиеншар –
- Бөле –
- Жезде –

Берілген туыстық атауларды немереңізге үйрету үшін «Сыңарын тап» ойынын құрастырыңыз.

3-топ.

- Женге
- Ата
- Балдыз
- Ене

- Туажат

- Немере

Берілген туыстық атауларды немереңізге үйрету үшін «Кім болады?» ойынына келтіріңіз.

Әр топтан бір адам тапсырманы таныстырады.

Кері байланыс: Туыстық атауларды немерелерімізге осылай үйретуге бола ма?

2-тапсырма. Ағайын арасындағы татулықтың мәні. Мәтінмен жұмыс.
(Жүргізуші өзі оқып беруге болады. Үлестірме материал ретінде таратып беріп аталардың өздеріне оқытуға болады.)

Бауырлар мен ұста

Ертеде ағалы-інілі ағайындылар тату-тәтті көршілес өмір сүрген екен. Алайда бір күні үлкені кішісінің өтінішін орындамай қалып, араларында салқындық пайда болады. Екіншіде кішісі де ағасына қажетті көмекті көрсетпей, өткен жолғы ренішін еске салады. Осыдан кейін екеуі бет көріспестей ренжіседі. Сөйлесу түгілі, амандаспайтын халге жетеді. Күндердің күнінде үлкен бауырдың есігін жұмыс іздеп жүрген ағаш ұстасы қағады. Жұмысқа алуға келісіп: – Анау тұрған шағын өзенді көрдің бе? Соның арғы бетінде інім тұрады. Сол жерге үлкен қақпа орната аласың ба? Ол өте биік болсын! Оның үйін де, тұлғасын да көргім келмейді,-деді. Ұста:– Иә, жасауға болады. Сонда неге ініңізді көргіңіз келмейді?-деп сұрады. Ағасы не себепті ұрысқандарын да есіне түсіре алмады. Жүрегі әбден қарайып, реніші тереңдеп кеткен екен. Аз ғана ойланған ұста: – Рұқсат етсең таңға дейін жұмыс істейін, ертең басқа шаруаларым бар,- деді. Қожайын келісім берді. Алайда, түні бойы мазасызданып, ұйықтай алмады. Оның үстіне сырттан ұста құралдарының тарс-тұрс дыбыстары естіле берді. Ақыры таң атып, қожайын сыртқа шығып, қақпаға тапсырыс берген тұсқа мойын бұрды. Қараса, ешқандай қақпа жоқ. Керісінше, өзеннің арғы бетіне өтетін көпір қойылыпты. – Сорың құрсын! Мынау не сұмдық! Мынау ұстаны ма? Мен оған әлгілерді көзіме көрсетпейтін қақпа салуды тапсырдым ғой! - деп ашуға булығы бергенде, таныс бейне ұшырасты. Кілт тоқтады. Анықтап қараса, көпірдің үстінде інісі тұр екен. Ол қолын бұлғап: – Қымбатты, бауырым менің! Жан бауырым! Сені сондай сағындым! Сен менің ең жақынымсың ғой! Өзім бірінші қадам жасауға шешіле алмай жүр едім. Алайда, сен соны жасадың. Әрине,

өйткені, сен үлкен әрі ақылдысың ғой... - деп ағынан жарылды. Екі бауыр құшақтасып, көздеріне жас алып, мәз-мейрам болысты. Екеуі көкке отыра кетіп, өткен-кеткенді еске алып, қызықты сәттерін айтудан жалықпады. Осылайша, кештің қалай батқанын білмей де қалды.

Талқылау. «Сұрақтар бұрқасыны» (15 минут)

1. Мәтіннен не түйдіңіз?
2. Ұстанның әрекетін қалай бағалайсыз?
3. Аға мен іні арасындағы қатынасты немереңізге қалай түсіндірер едіңіз?
4. Немерелер мен жиендердің бір-бірімен татулығын қалай үйлестіріп отырсыз?

3-тапсырма. (15 минут)

«Кім жақын?»

Қаз дауысты Қазыбектің шешендігі Қаздауысты Қазыбектің тапқырлығы мен шешендігін өз құлағымен естіп, көз жеткізігісі келген бір білгір адам оған: Кім жақын? Не қымбат? Не қиын? деген үш сұрақты қатарынан қойса керек. Сонда Қазыбек би оған былай деп жауап қайырған екен деседі: (Интерактивті тақтаға шығарып қойған дұрыс)

Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.
Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын.
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен
Бәрінен де әйелің жақын.... (қысқартылып алынды)
Шешендік сөзді толық талдау шарт емес.
Атақты шешен: «Еркелейтін немерең жақын, өз ұрпағың – шөберең жақын» дейді. Келісесіз бе?

Рефлексия. (5 минут) 1. Немеремді ағайын-туыстармен араластыру үшін не істеуім керек? 2. Немереңіздің ағайын-туыспен араласуына мұрындық болғыңыз келе ме?

Қорытынды. Біз бүгін жиналып баланың туыстары туралы ой бөлістік. Мұның бәрін бұрыннан да білесіздер, біздің айтқымыз келгені осындай туыстары бар екенін немереңіз біле ме? Олармен араласып тұра ма? Оларға тілек көмек қолып созуға дайын ба? Олардың осындай туыстарымен араласып тұруына мұрындық болатын кім? Әрине, сіздер, аталар... Оларды үйіңізге шақырып немесе немереңізді алып барып дегендей... ағайын арасындағы татулықты сіздер сақтайсыздар. Сіздерді осы міндеттеріңізге мұқият қарауға шақырамыз.

Анықтама

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында «Даналық мектебі» жобасы аясында «Туыстық қарым-қатынас, баға жетпес байлық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Даналық мектебі» жобасы – жастарды рухани және адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеуге бағытталған бастама. Бұл жоба арқылы жас ұрпаққа адамгершілік, отбасылық құндылықтарды сақтау, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттыру, сондай-ақ, туыстық қарым-қатынастар мен отбасы институтының маңыздылығын түсіндіру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіледі. Дөңгелек үстел – қатысушылардың өзара пікір алмасып, тақырып бойынша ойларын ашық түрде білдіретін, талқылау форматындағы іс-шара. Мұндай іс-шаралар көп жағдайда түрлі мәселелерге қатысты пікірталас жүргізу, жаңа идеялар мен шешімдер табу үшін ұйымдастырылады.

«Туыстық қарым-қатынас – баға жетпес байлық» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – туыстық байланыстардың адам өміріндегі орны мен маңыздылығын түсіндіру, отбасы мен қоғамның рухани негіздерін сақтауға бағытталған іс-шараларды дәріптеу. Бұл тақырып адамдар арасында өзара түсіністік, құрмет және сүйіспеншілікті арттыруға қызмет етеді.

Анықтамашы:



М.Абуова